
The background features a light beige surface with embossed circular patterns and a network of fine lines. Teal-colored gears are visible in the corners, partially overlapping the central text area.

Қазақстандағы бауырмен жорғалаушылардың ресурстары



Бауырымен жорғалаушылар, рептилиялар (Reptilia)

омыртқалы жануарлардың бір класы.

Ежелгі бауырмен жорғалаушылар — котилозаврлар орта карбон кезеңінде қарапайым, қосмекенді стегоцефалдан тараған.

Котилозаврлардан триас кезеңінің аяғында аң тәрізді бауырмен жорғалаушылар тобы — сүтқоректілердің алғашқы түрлері шықты.

Бауырмен жорғалаушылардың ең жақсы дамыған кезеңі — мезозой. Бұл кезде ихтиозаврлар, мозазаврлар, птерозаврлар (ұшқыш кесірткелер), динозаврлар тараған. Бұлардың бәрі мезозойдан кайнозойға өткен кезде жойылып кетті де, олардың орнына бауырмен жорғалаушылардың қазіргі түрлері қалыптасты.

•Қазақстандағы бауырмен жорғалаушылар

- Тасбақалар
- Кесірткелер

- Қабыршақтылар
- Жыландар

•тұщы су тасбақасы, құрлық тасбақасы, геккондар, ешкіемер, келес, ұршықсап, сцинктер, кесірткелер, соқыр жыландар, су жыландар, құм айдаһары, сұр жыландар, қалқан түмсықтылар

- Бауырымен жорғалаушылар

Тұқымдасы	13
Туысы	24
Түрі	51
Тіршілік ететін мекені	теңізде, тұщы суда және құрлықта
Денесінің ұзындығы	бірнеше см-ден 10 м-ге дейін болады
Терісі және қорғалуы	безсіз, мүйіз қабыршақпен не қалқандармен жабылған, бұл олардың денесін құрғап кетуден және түрлі зақымнан қорғайды
Тыныс алуы	Қаңқасы мен бұлшық еттері жақсы жетілген
Қан айналуы	2 шеңберлі
Жүрегі	3 камералы (2 жүрекше, 1 қарынша, тек крокодилдерде — 4 камералы)
Көбеюі	жұмыртқа салу арқылы, ірі жұмыртқаларын құрлыққа салады, Жұмыртқалары коректік сары уызға бай. ұрық осы уыздың есебінен өсіп жетіледі. Кейбір кесірткелер (сцинк) мен жыландар тірідей туады. Олардың кейбір түрлері партеногенетикалық жолмен (еркегінсіз) көбейеді
Зір шығаруы	Қос бүйрегі арқы, (көпшілігінін несеп шығаратын қуығы болады).
Тіршілік әрекеті	көбіне күн сәулесі радиациясы мен өзін қоршаған орта температурасына байланысты
Дене температуралары	6-8°C-қа төмендегенде олардың қимылы нашарлайды, ал температура 2-3°C болғанда қысқы ұйқыға кетеді.
Мекені	Көбінесе, шөлді жерлерде
Қоректенуі	Су тасбақалары, крокодил-дер балықтармен, балдырмен, кесірткелер жәндіктермен, құрлық тасбақалары өсімдіктермен

кейбір түрлері (жұмырбас
шұбар кесіртке, уағай,
жұмырбас кесірткесі, кесел,
сары жылан, т.б.)

Қазақстанның "Қызыл
кітабына" енгізілген.

• Бауырмен жорғалаушылар



Қазақстанда юра кезеңінде тіршілік еткен ұшатын кесірткенің, бор кезеңіндегі динозаврлардың, мезозой, к айнозой шөгінділерінен түрлі тасбақаның, кесірткенің, қолтырауынның (крокодилдің) қалдықтары табылған.



Қазақстанда тұщы су тасбақалары және дала тасбақалары бар. Оның 38 түрі қорғауға алынып, “Қызыл кітапқа” енген.





Қазақстанда көптеген
геккондар және
жыланның 17 түрі бар.




Шұбар батбат кесіртке (лат. *Phrynoserphalus versicolor*) - Алакөл және Іле ойпаттарында тіршілік ететін, таралу аймағы шағын түр. Санының азаюына негізгі себептер - су деңгейінің тұрақсыздығы, сексеуіл дайындау және өрт. Қолдан өсірілмеген. Түрдің Іле ойпатындағы таралу аймағының батыс бөлігі жоспарланып отырған Орта-Іле қорығына енеді. Таралуын егжей-тегіжейлі анықтап, биологиясын зерттеуді жалғастыру қажет.



Қазақстанның шөлейт жерлері мен Кавказдың және Тянь-Шаньнің тауларында болады. Дала әбжыланы кебінесе шегірткелермен, аздап кесірткілермен және тышқандармен қоректенеді.

Сұр жыландылар



қалқан тұмсықтылар

- өте улы сылдырмақты жыландардың өкілі. Оның шаққаны өте қатерлі. Олар қиыршық тасты, сазды және құмды шөлдерде мекендейді. Тек сусымалы құмдарда ғана болмайды. Бұл жыланды мына белгілеріне қарап ажыратуға болады: олардың ұзындығы 50 - 55 сантиметр, басы жұмыртқа тәрізді және мойнынан айқын ажырап тұрады; жотасы сары не сұр, көмкерілген қара дақтары болады, тұмсығында күңгірт төрт бұрышты дағы бар. Желкесінде аттың тағасы тәрізді қара дағы бар.